

Грек Республикасының Президенті Константинос Стефанопулостың Қазақстан Республикасына ресми сапарын дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 2002 жылғы 24 маусым N 83-ө

Грек Республикасының Президенті Константинос Стефанопулостың Қазақстан Республикасына 2002 жылғы 25-27 маусымдағы ресми сапарын дайындау және өткізу жөнінде Астана және Алматы қалаларында протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі Грек Республикасының Президенті Константинос Стефанопулостың Қазақстан Республикасына 2002 жылғы 25-27 маусымдағы ресми сапарын (бұдан әрі - сапар) дайындау және өткізу жөнінде Астана және Алматы қалаларында ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс Басқармасы (келісім бойынша): Грек Республикасы ресми делегациясының мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын; 2002 жылға арналған республикалық бюджетте "Ресми делегацияларға қызмет көрсету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен сапарды өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) Грек Республикасының ресми делегациясы мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, Грек Республикасының Президенті арнайы ұшағының Қазақстан Республикасының аумағы үстінен ұшып өтуін, Астана және Алматы қалаларының әуежайларына қонуын және олардан ұшып шығуын;

Астана және Алматы қалаларының әуежайларында арнайы ұшаққа техникалық қызмет көрсетуді, оның тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестициялар жөніндегі комитеті:

Астана қаласының әкімімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы мен Грек Республикасы кәсіпкерлерінің қатысуымен Астана қаласында "дөңгелек үстел" ұйымдастырсын;

Алматы қаласының әкімімен бірлесіп, Қазақстан Республикасы мен Грек Республикасы кәсіпкерлерінің қатысуымен Алматы қаласында бизнес-форум ұйымдастырсын.

6. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі сапардың бұқаралық ақпарат құралдарында жария етілуін қамтамасыз етсін.

7. Астана және Алматы қалаларының әкімдері Грек Республикасының ресми делегациясын күтіп алу және шығарып салу, Астана және Алматы қалаларының әуежайлары мен көшелерін безендіру жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін.

8. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Грек Республиканың Президенті Константинос Стефанопулосты Астана және Алматы қалаларының әуежайларында күтіп алу және шығарып салу рәсіміне қатыссын.

9. Осы өкімінің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер - Министр